

Түркістан облысы

Түлкібас ауданы

Үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп-интернаты

«Тексерілді»

ДТЖО  Д.Оналбеков

*Ашық тәрбие сағаты*

**Патриотизм - ұлттық  
рухтың белгісі**

Сыныбы: 10 «Б»

Тәрбиеші: Каримбаева Г.

Т.Рысқұлов, 2022 жыл

## **Патриотизм – ұлттық рухтың белгісі**

**Мақсаты:** Елімізде өскелен ұрпақтардың Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту және одан әрі арттыру. Жас ұрпақты Отан сүйгіштікке, елжандыққа тәрбиелеу. Өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер аға – аталардың ерлігін үлгі ету.

**Жоспары:**

1. Кіріспе
2. Топқа бөлу
3. Сұрақ – жауап
4. Бейнебаян
5. Шығармашылық жұмыс
6. Сергіту сәті (Ұлы зиялылардың еңбектерін табу)
7. Постер қорғау
8. Қорытынды

### **1.Кіріспе**

Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, әрбір азаматтың мемлекет алдындағы борышы.

Отаншылдық патриотизм – бұл елдікті, мемлекеттілікті саналы түрде сезіну мәселен, кез – келген адамның өзі туып өскен жеріне бауыр басуы, ана тілін толық меңгеріп, оған құрметпен қарауы, өз Отанының мүддесін ойлау, туған жеріне деген адалдық, өз елінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени саладағы жетістіктерін мақтан ету, өз Отанының бостандығы мен Тәуелсіздігін қорғау, ата – бабалары мен Отанының тарихына құрметпен қарау.

### **3.Сұрақ – жауап**

- 1.Елім деген ұрпақ қайдан шығады?
- 2.Ұлтжандылық пен ұлтшылдықтың айырмашылығы қандай?
- 3.Отанын сүю, елін, жерін, тілін қастерлеудің маңызын түсіндір?
- 4.Ұлтын сүйген азамат Отанын сүйген болып есептеле ме?
5. Кейбір адамдардың азаматтық міндетіне жауапкершілікпен қарауы, ал кейбіреулердің немқұрайлы қарауы әділдік пе? Осы кезде қоғамда қандай жағдай қалыптасады.
- 6.Отансүйгіш екендігіңді қалай дәлелдейсін?
- 7.Тарихтың қайталануы қандай қателіктерден болады?
- 8.Белсенді, азаматтық ұстаным, жоғары патриоттық сезімдерді қалай қалыптастырамыз?

### **4.Бейнебаян**

#### **5.Шығармашылық жұмыс**

#### **6.Сергіту сәті (Ұлт зиялылардың нақыл сөздерін, өлендерін табу)**

##### **1.Б.Момышұлының сөзі**

«Нағыз патриоттар өзінен бұрын Отанының қамын көбірек ойлайды. Шынайы патриот қазақ ата жұртының мәңгі тәуелсіз өмір сүріп, гүлдене беруі үшін өзінің саналы өмірін сарп етуге даяр адамдар».

##### **2.М.Шахановтың өлені «Төрт ана»**

Тамырыңды тамырсыздың індетінен қалқала

Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға

Әр адамда өз анасынан басқа да

## **6.А.Байтұрсыновтың нақыл сөзі**

Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда қайырымы қайтпаса.

## **7. Постер қорғау**

### **8. Қорытынды.**

«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысын болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің, нығайып- көркеюі жолында еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!..»

Олай болса, жүрегі елім деп соққан азаматтарымыз көбейе берсін!

Келесі кездескенше сау болыңыздар!

